# Ел тарихы- Елбасы өмірі




**Қазақстанның егеменді ел атануына Елбасымыздың үлесі зор. Қазақстанды мекендеген барлық халықтардың ұлттық мәдениетін көркейтіп, бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған тұлға.**

Елбасымыздың жалпы қазақ елі үшін жасаған тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарын бөліп жүру біздің басты міндетіміз.

1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент күні.

Бұл ерекше күнде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы мағлұмат беру біздің борышымыз.

Осы орайда Арқалық қаласындағы медицина колледжінде «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» атты кең көлемде салтанатты кеш ұйымдастырылды.

Кешті әнұранмен бастап, медициналық колледжінің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жәнкелдина Роза Қайыржанқызы алғашқы құттықтау сөзбен ашты.

Әрі қарай Елбасының өмір жолдарынан видеороликтермен жалғасты.

Жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі Әлімгазина Қадыргүл Шәптібайқызының жетекшілігімен колледж жанынан құрылған «Мұрагер» үйірмесінің мүшелері ұйымдастырды. Іс-шара барысында Елбасы өмірінен деректер келтіріліп, ол кісі жайлы ақындардың арнау өлеңдері оқылып, әндер шырқалды.

Қаламыздағы облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының абонемент бөлімінен Елбасының әдебиеттерінен құрылған

«Ел тарихы- Елбасы өмірі» атты тақырыпта кітап көрмесі ұйымдастырылып, Елбасының шығармашылығы жайлы кітапхана қызметкері Зайра Сансызбайқызы шолу жасап, құттықтау сөз сөйледі.

**Қымбат АМАНЖОЛ,**
**Облыстық №2 ғылыми әмбебап кітапханасының кітапханашысы.**